

Л 2016
1746

ЖҮРСІН ЕРМАН

Гөй-гөй



А 2016/1746 к

ЖҮРСІН ЕРМАН



ГӨЙ-ГӨЙ



Ызғалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе - жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл.

Абай

«Мерей» баспасы
Алматы- 2014

УДК 821.512.122-Ү

ББК 84 (5 Қаз) - 4

Е 69

Ерман Ж.

Е 69 **Гөй-гөй**,. /Жүрсін Ерман – Алматы, “Мерей”
баспасы - 2014 - 240 бет

ISBN 978-601-7478-06-3

Белгілі ақын Жүрсін Ерман бұл кітабында басқа бір қырынан танылады. Осында топтастырылған көркем очерктерінде бүгінгі ауыл өмірінің, ел тіршілігінің суреттері бар. Естелік – эсселерде Өзбекәлі Жәнібеков, Камал Смайылов, Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбеков, Сәкен Иманасов, Ақселеу Сейдімбеков, Оразалы Досбосынов сынды белгілі тұлғалардың бейнесі елес береді. Кітап қалың оқырманға арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ **00328900**

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) - 4

ISBN 978-601-7478-06-3

© Ерман Ж, 2014

© “Мерей” баспасы 2014



ҚҰЛЖАНБАЙДАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Биссимилла – сөз басы. Тайсақтағанмен, жүрексінгенмен, болмас, биссимилла деп бұл сөзді де бастап кетейік. Іште тұнған әңгімені қағазға түсіргісі келген қаламның жазығы қанша.

Менің бір жинағыма енген «Ырғай жыры» деген шағын өлеңім бар. Сол өлең:

Ырғай, ырғай, ырғайлы,
Ырғай мойнын ырғайды.
Ырылдасып қайтеміз,
Сенде де бар бір қайғы,
Менде де бар бір қайғы... –

деп аяқталушы еді. Осы өлеңге ойда жоқ жерде Серік Жанболат інім ән шығарып, ол өзіме ұнап, соған шүкіршілік деп жүруші едік, бір күні Жамбыл облысының Байзақ ауданынан едім деп Қасқырбай Нарбатыров деген журналист жігіт телефон шалды:

– «Ырғайға» ән шығарып, таспаға жаздырдым. Беріп жіберсем тыңдайсың ба? – дейді.

Бейтаныс біреу сөзіңді әуенге бөлеп жатса, қашасың ба?

– Ойбай, тез жібер! Тыңдаймын, – деп жалпақтап жатырмын. Ең болмаса, өзіміз білетін Бөрібай емес, қайдағы бір Қасқырбай деген сазгерді құлағым шалмаған басым, әншейін біреудің әуресі шығар деп шамалағам. Маған жөнсіз жабысушылар көп болушы еді. Одан кейінгі ап-таларда Қасқырбайдың бірер әні радиодан беріліп жатқанын құлағым шалды.

Көп кешікпей әлгі айтқан ұнтаспасы да келіп жетті. Өнді бір тыңдасымен-ақ біздің бәйбішеміз:

– Мынау гөй-гөй ғой! – деп бағасын берді. Қайдағы-жайдағыны қозғайтын мұңлық әуенге ішім жылып бара жатса да:

– Музыкада «гөй-гөй» деген жанр жоқ, – деп қарсылық білдірдім.

– Бар! Болмаса, осыдан кейін болады! – деп Бақытжамал да қайтар емес.

– Бұл кісі айтса – болады. Осы гөй-гөй екеуімізге де жақты. Бірнеше кеш бойы қайта-қайта тыңдаумен болдық. Маған оның жағатын себебі...

Гөй-гөй. Менің ішімде уілдеп тұратын бір музыкалық аспап әуелден бар. Қай аспап екенін қайдан білейін. Сексеннен асып өмірден озған, тобылғының қазығындай қалпымен өзі де көне домбыраға ұқсайтын Ашубай көкем кештете шертіп отыратын шанағы шағын қоңыр домбыра ма екен? Әлде, баяғыда ұста әкем Зәбида кепкен жиде ағашынан шауып, талыспен шанақтаған, иесіз қалған шағында Нұрила жеңгемнің қорасына қоныс аударған қара қобыз ба екен? Әйтеуір бір сезімтал құрал ойда жоқ кезде ызың ете қалады. Дың ете түседі. Сол сәтте іші-бауырым елжіреп, жерге түскендей болады. Менің мәңгілік сағынышыма айналған әкем мен шешем, ата-бабам, туған жерім, өзімді құшағына алар мәңгілік мекенім, өткенім мен келешегім, баяғы жансерік болған бәйге күреңім, жарым көңіл балалық шағым, Баймұраттың сап-сары қалың кәстөм-шалбарын сұрап киіп, пионерлердің аудандық слетіне барғаным, шаңқиған шілдеде қой бағып жүріп, тілім аузыма сыймай қаталап, шекемнен күн өткені, тағы сондай бір қолға түспес, ойдан кетпес, дерексіз нәрселер, бәрі бір мезгілде санамда жарқ етіп, әлгі ызың, әлгі гөй-гөй болып көлең ете қалады.

Бір ғажабы, осы қас-қағым сәт көз алдыма туып-өскен мекенім, құм ішінде топыраққа көмілген, кеңес өкіметі құлағаннан бері елі көшіп, жұрты да өшуге айналған кішкене ауылым – Құлжанбайды алып келеді.

Жаз болса, құдықтағы тастай суын төбемнен құйып, шөлімді басқан, қыс болса төбе-төбенің басынан шанамен зуылдаған Құлжанбайым, әкемнің құлаған зиратынан басқа түгі қалмаған Құлжанбайым ғой.

Париж бен Римнің салтанатты отелінде елегізіп оянсам да, Стамбул мен Берлиннің ығы-жығы көшесінде есінеп келе жатсам да, Алматы мен Астанадағы өз үйім өлең төсегімде ұйқымнан шошып оянсам да, Құлжанбайым есіме түсе кетуін қойған емес. Әркімнің туған жері Мысыр шәрі деген рас екен. Көшкен елдің жұртында жүдеп қалған Құлжанбайым – менің гөй-гөйім! Сағынышым! Аңсарым! Қарақұмның төріндегі кішкентай астанам. Мың жарым шақырым жерден шаршап-шалдығып жетіп, зират басында өзім білетін сүремді күмілжіп оқып, құм етегіндегі Олжабай ағайдың үйінен бапты қымыздың бір тостағанымен таңдай жібіткенде ғана шерім тарқап, гөй-гөйім басылып, неше рет қалпыма келдім екен!

Сонымен, тағы да ауылға қарай жүретін болдық. Елге барудың біраз сылтауы жиналып қалыпты. Негізі себепкер болған – Кәрима жеңгей. Қарақұмдағы Сапар көкеміздің бөйбішесі. Ұзатқалы отырған немере қызы Гүлнәзияны жетектеп, Алматыға келіпті. Кемінде екі сиырды сатып, ақшасын камзолының ұры қалтасына тығып келген-ау, өмірінде бірінші көріп тұрған әсем Алматыны аралауға да зауқы жоқ. Поездан түсе сала:

– Мені «барахолка» деген базарға апар. Мына немере қызыма жасау алуым керек, – деп дігірлейді.

– Ау, алтын жеңгем-ау ең болмаса екі сағат мынау армандай Алматыны аралатайын. Қыдыртайын, – деймін.

– Осы жасқа келгенше Алматыны көрмей-ақ жер басып жүрдік қой. Әлі де жүре тұрамыз. Базарын көрсет. Ағаң тойдың жабдығын түгендесімен, Қарақұмға тез қайт деген. Сиырларым да қаңтарылып қалған шығар... Тұңғыш немеремнің тойына келмесең, сенімен де сөз басқаша болады!

Ауылға бара қалғанда, алақанына салып күтетін, артық-ауыс сөзге де үйірсегі жоқ Кәрима жеңгейдің беті қатты екен. Баратын жеріне жылдам апардық. Екі сиырдың пұлы екі күнде таусылды-ау деймін. Жедел қайтатын болды. Тойға кел деген шақыртумен бізге де салмақ сала кетті. Енді қайтсін – Тұрсын ағамның балаларының тойына барсақ, Сапарғали ағайдың баласын қолдан аяқтандырсақ, өзге де той-томалақтардың ортасынан табылсақ, енді бұл шаңырақтың қызығынан қалыс қалудың не жөні бар? Атасы кеміс деймісің?

Біздің Ұлытау жағында мал баққан Қанатбек деген ағамыз Ақтастағы қарындасы күйеуге тигенде, өкіметтің бір отар қойын тапсыра тұрар кісі таппаған соң, қораға қамап тастап, ферма бастығы Қаппасқа өлеңмен сәлем айтты деуші еді:

Сәлем де Қаппасқа,
Мен кеттім Ақтасқа.
Қарындасың байға тисе,
Амал бар ма шаппасқа!

Біз де Қанатбек ағамыздың күйін кешіп, Кәриманың соңынан елге аттандық. Аспанмен емес, жермен жүрдік. Неге десеңіз, жолай Қанайға соқпақшымыз. Қанай болса, Қарағандының түбінде, Қарабас деген жерде түрмеде отыр. Бұл баяғы Аманжол ақынның ұрпағы, ақындар айтысына демеуші Қанай Омаров. Іскер, табыскер құрылысшы еді. Астанадағы үлескерлердің ақшасына көп қабатты бірнеше үй салып беремін деп, басы бөлеге қалған Қанай. Соңғы үйді бітіруге қаржысы жетпей қалды. Алып қойғаны, мініп қойғаны болса, түгел қайырды. Үйін де сатты, мәшинесін де өткізді. Жетпеді. Аспанға шырқап кеткен нарық бағасы Қанай сияқты талай іскер азаматтың жігерін құм етті емес пе. Екі жылдай елім-телімі шыққан Қанай досымыз төрт жылды арқалап түрмеге кете барды. Сол Қанайдың арқасында Қарабастың түрмесін де көретін болдық. Бұрын көрмеген жерді қалай табамын деп, Қарағандыдағы Айтбай ақынға телефон шалып едім, Карлагтың түрмесі болып кеткен осы өңір оның ата-бабасының ежелгі

қонысы екен. Түрменің де есік-терезесін түгел білетін болып шықты.

– Осы Қанай немересін сұндеттегенде, Аманжол мен Айбек ақын үшеуіміз барып, өлең айтып, бір-бір ат мініп едік. Сізбен бірге мен де бір азаматтық парызымды өтеп қалатын болдым, – деп Айтбай да қуанып жүр.

Айтбайды бекер әурелеппін. Темір тордың күзетшілеріне де, ар жағындағыларға да мен айтыс арқылы аса танымал екенмін. Тіпті құшақтарынан босатар емес. Бұлай құрметтейтін болса бірер жыл отырып шығуға да болатындай. Соған жетерлік кінә мен күнә әр қазақтан табылады ғой:

– Түрмеге отырғалы бойым жеңілдеп қалды, – дейді Қанай дос.

– Е, неге?

– Үлескерлердің үйін бітіре алмай, күндіз-түні уайымнан жүйкем тозып кетіп еді. Енді мойным босап, арқамнан жүк түскендей болды. Әйтеуір, ешкімге қарыз емес екеніңді сезіну де бақыт екен!

Жазасын өтеп жатқан адамның қуанғаны қызық болады екен. Мен Қанайды жақсы түсіндім.

– Ат жақсысы кермеде, ер жақсысы түрмеде, Қанай. Бұл да бөтен жер емес, арғындардың ата мекені ғой, – деп жұбату айтқан болам,

– Сендерді бір мәрте темір тордан өткізіп алған теріс емес. Айтпақшы, осы маңда маршал Тухачевскийдің де басы қалған!

Қарабас түрмесінен он шақырымдай жердегі «Ялта» деген мекенде даңқты маршал атылған дегенді құлағым шалуы бар еді. «Ялтаның» дәмханасы Айтбайдың көршісіне тиесілі екен, жылқының семіз қара қуырдағын жеп, сауабын Тухачевскийге бағыштап, күре жолға түскенім сол еді, Мұхтар деген оралдық інім (ол да кезінде айтыстың демеушісі болған) телефон шалды. Ол да екі-үш жылдан бері Балқаштың түрмесінде, намазын оқып, жазасын өтеп жатқан.

– Бүгінгі өмірімді түрмеге арнаймын. Саған да соғамын, – деймін телефондағы Мұхтарға – Сендер

тіккен жүлденің қызығын айтыскерлер көрсе, түрмеге тамақ тасу бейнеті менің пешенеме жазылған болды ғой.

– Келмей-ақ қойыңыз, аға! – деп Мұхтардың шырпыры шықты. – Жағдайымның жаман емес екенін қалта телефоны арқылы байланысқанымнан біле беріңіз. Жазамды өтеп бітірдім. Таяу күндерде шығатын түрім бар. Өншейін, сағынып кеткен соң, телефон шалғаным ғой!

– Темір тордың ар жағында жүргендердің бәрі Қанай мен Мұхтар сияқты азаматтық қалпын сақтай білсе, шынында түрме туралы ойланып көруге болады екен!

Гөй-гөй. Біздің ауылға аттануымызға себеп болған қарындасымыздың ұзатылу тойы ғана емес. Темір тордың ар жағындағы Қанай әлгінде маған ағам Тұрсын мен қайын ағам Қабденнің қайтыс болуына орай көңіл айтқан. Бір-бірімен бауыздау құда екі азамат арасына қырық күн салып, бірі Алматыда, бірі Қарақұмда дүниеден озған. Қырық жылда бір рет қабағын шытып көрмеген Қабекеңді ағам Тұрсыннан кем көрмеуші едім. Ал Тұрсекең екеуміз бір көрпенің астында өстік. Атасы Тыныбектің құсбегілігін, әкесі Зәбиданың ұста-зергерлігін ұстай қоймаған Тұрсынға дерт те біраз жабысып, қол-аяғын құрыстырып, азапқа салып еді. Еңбектен ғана пана тапты. Алты ұлға, үш қызға әке болды. Кеңес өкіметі тарқағанда, кеңшардан үлеске тиген жүз қойды алдына салып, сай-сайды жағалап кетті. Үстеріне тігетін киіз үйі де жоқ еді. Шиеттей бала-шағамен тілдерін тістеп, аштық-жалаңаштықты да бастан кешті. Шыдады. Ақыры жүз қой мыңға жетті. Үйірлеп жылқы ұстады. Сиыры табынға толды. Балалар ер жетті. Інілерімнің есімдері де ерекше: Еркебұлан, Аяз би, Абылай, Абай, Айдын, Атымтай. Бәрі шаруаға үйірілді. Енді ғана етек-жеңін жиып, арқасын жаза бергенде, ажал да жетіп үлгерді. Көктемде, құдасы Қабденді жерлеп болған соң:

– Биыл алпысқа толамын, – деп әдеттегі баяу

еңгімесін бастаған. — Егер келемін деп уәде берсең, мамырдың жиырма екісінде той жасайын. Келсеңші.

— Келеміз дедік. Шақыру қағазын алдық. Тойға бір жұма қалғанда, жүрегі тоқтап қалды. Зәбида әкемнің қобызы, қара көрігі, қоңыр домбырасы иесіз қалды. Не шара! Енді сол Тұрсекеңнің балалары тастан қалаған төрт құлақ тамға зиярат ету де ойда бар. Бір аяғын сылти басып, алдымнан шығушы еді. Арқамнан қағушы еді. Тұрсыны жоқ Қарақұмға келемін деп кім ойлаған. Кеудемдегі қара қобыз тағы да дың ете қалды-ау!

Жезқазғанда не көп, тойхана көп. Солардың бос тұрған күні болмайтын тәрізді. Жергілікті теледидарды қосып қалсаң, тойға, асқа шақырған хабарландырудан көзің тұнады. 1959 жылы, яғни Алматыдан бірақ жыл кейін, халықтың қаржысына салынып, хабар тарата бастаған Жезқазған теледидары талай жыл шығармашылық шабыттың ұясына айналған мекен еді. Мен де еңбек жолымды осында бастап, Аманжол, Нұрмахан, Файзолла, Жанбау, Сұлтанғазы, Шамхан, Степан деген жігіттермен қатар шахтаға түсіп, зауытқа барып, егінжай кезіп, малшы ауылдарын аралап, теле журналист мамандығының мектебінен тоғыз жыл өтіп едім. Бір жолы республикалық телефестивальдің бас жүлдесін Совет Мәсіфұтовтың қолынан алып, жеңімпаз атанғам. Сол дәстүрі бар теледидар жекенің қолына өтіп, ас пен тойдың хабаршысына арналған сыйқы мынау...

Көп тойхананың бірінде өткен қыз ұзату тойында Қарақұмның барлық адамын жолықтырдым десе боллады. Ауылда адам қалмаған. Кәрісі де, жасы да Жезқазғанды төңіреkteп жүр екен. Шахтаға түсіп, зауытқа жұмысқа тұрғаны санаулы. Көбінікі бос сандалыс. Оның үстіне Жезқазғанның мыс кенін өндіретін шахталары сарқыла бастаған. «Қазақ мыс» деген алпауыт кеңсесін Қарағандыға көшіріп өкетіп жатыр. Комбинат жабылғанда, қалың ел қалай күн көрмек? Бұл

сауалдың жауабы Жезқазған қаласының жаңа әкімі Берік Әбдіғалиды да толғанып отыр екен. Қаланың шығармашылық ұйымдарының өкілдерімен бас қосқан әкім осы жиынға мені де қатыстырды.

– Кен таусылғанмен, елдің берекесі қашпауы керек, – дейді әкім. – Қосымша кәсіпорындар ашып, инфрақұрылымды дамытуға бағыт ұстаймыз. Жаңа кәсіптерді игереміз. Шұбаркөлге келетін теміржолды Жездіге дейін жеткізуге күш салудамыз. Жезқазған дегеніміз – Ұлытау өңірі, яғни ұлттың ұясы, қасиетті өлке. Келесі жылы Кенесарының осында таққа отырғанына 170 жыл толғанын атап өтпекшіміз. Жазға салым Ұлытауда «Қазақ, қайда барасың?» деген үлкен айтыс өткізу ойда бар, қазірден бастап соның дайындығын жасап жатырмыз. Елдік, ұлттық мұраттардың бәрі Ұлытаудан басталатын дәстүр жалғаса беру керек.

Президенттің Тіл қорын басқарып, ұлттық деңгейде ойлауға төселіп қалған қала әкімінің әріден толғайтыны көрініп тұр. Осы жерде отырып-ақ «Қазақ» дейтін альманахты шығарып жатыр екен. Соның соңғы сандарын маған да арқалатып жіберді. Үйге келіп қарасам, ішінде ойлы-күйлі дүниелер мол екен. Түбінде елдің қамын осындай азаматтар күйттейді-ау деп риза болдым.

Жезқазғаннан шығып алып, Қарсақбай, Байқоңырды басып өтіп, Бұланты өзенінің бойын жағаладық. Бұл – баяғы қалмақ шапқыншылығына тұңғыш тойтарыс берілген тарихи аймақ. Осында «Қалмақ-қырылған» деген төбелер көп-ақ. Қурайлы деген жерде, елсіз мекенде жиналған көп адамды кездестірдік. Сөйтсек, осы өлкеге атағы кең тараған Байғұла бидің ұрпақтары атасының зиратын қоршап, ескерткіш белгі орнатып, ас беріп жатыр екен. Шаруаның басы-қасында жүрген – менің мектептегі ұстазым, өлкетанушы Сапарғали мұғалім болып шықты. Жүз кісі еркін сиятын ақ боз үйдің төрінде Сәден қажы, Қадыр қажы секілді кейінгі жылдары шыққан қажылар отыр. Сөз сөйлеген Са-

парғали ағай біраз тарихты шолып шықты. Жамаушы Байғұла би атанған атасының өнегелі істерін тізбеледі. Сапекеңді сөйлете түспек болып сауал қойдым:

— Атаңыздың даңқына қанық едік. Байсейттен туған Сәкібай – бай ата, Бәйкен – молда ата атанса да, соңында тұлдыр да қалмады. Ал Байғұла биден тым болмаса сөз қалды ма?

— Қалғанда қандай! Бір-ақ әңгімесін айтайын. Байғұла атам Досанды жайлап отырды. Қатын-баласы, ауыл-аймағы ұрыс-керіске үйір, берекесіз болды. Сондай бір кезекті жанжалдың үстінен түскен Би ата:

— Дозақ қайда деп жүруші едім. Дозақ Досанның үстінде тұр екен ғой, – депті күйініп. Осыдан артық сөз бола ма?!

Байғұла бидің біраз билігінен біздің де хабарымыз бар еді. Мынау бұрын құлаққа шалынбаған тың сөз екен. Сыртта қанша жалын күжірейткенімен, өз отбасының бірлігін ұстай алмаған билер мен бектер қай ғасырда да болған ғой. Өкінішті-ақ! Осы Сапарғали ағай біздің Құлжанбайда отыз жыл бала оқытты. Математикадан басқа пәндердің бәрін жүргізе беруші еді. Тіл мен әдебиет, тарих пен жағрапия, денешынықтыру мен неміс тілі дейсіз бе... Қайран ҚазМУ-дің әмбебап шәкірттері-ай! Біздің қолға тұңғыш қалам ұстатқан да осы кісі еді-ау!

Гәй-гәй. Мектепте оқып жүргенде дәл осы Сапарғали ағайдан талай теперіш көрдім. 5-6 сыныпта оқитын мені сабақтан суырып алады да, жарау атқа қонжытып мінгізіп:

— Осы ферманың барлық қойшыларын ертең пәлен сағатта болатын жиналысқа шақырып кел! – деп жұмсап жібереді. «Азамат», «Түгіскен», «Мойнақ», «Бескепе», «Бестау», «Жыңғылды көң», «Сары өзек» деген толып жатқан малшы қыстақтарын жағалап, жиналыстың хабарын таратамын. Осы күні ойласам, бойымды қорқыныш билейді: Құмның ішінде аттан құлап қалсам не бо-

лар еді? Адасып кетсем қайтер едім? Қазіргі бесінші сыныптың баласы іргедегі дүкеннен нан-сүт алып келуге де жарамайды емес пе? Біз болсақ, қырдан теріскен шауып келу, қораның қиын ою, қалыппен кірпіш құю деген бейнеттердің бәрін бастан кешірдік. Осының бәрі тәрбие мектебі екен ғой. Біздің алғырлау болуымыздың, тиянақты болуымыздың негізін қалап берген Сапарғали ағайды мен осы күні бұрынғыдан да жақсы көрем. Тек ауырмай-сырқамай, аман жүре тұрыңызшы, ағатай!

Қурайлыдан шығып жеті-сегіз шақырым жердегі Құйғанға ат басын тіредік. Отызыншы жылдары ұжымшардың орталығы болған бұл мекенде қазір менің аталарымның зиратынан басқа ештеңе жоқ. Қазақтың далада шашылып жатқан тарихы қызық қой: сегізінші атам Тілеулі Әбдірахманұлы Ақтөбе облысының Алға ауылында, тама Есет батырмен бірге жатыр. Тілеулі ұлы Нияз батырдың күмбезі Астананың іргесінде, Тайтөбенің басында тұр. Алтыншы, бесінші аталарым Торғай бойында қалды. Атам Ерман мен бабам Сәкібайдың зираты мынау елсіз-күнсіз Құйғанда күңіреніп тұр. Біздің басымыз қайда қалар екен? Бір қызығы осы Құйған маңын менің Көбейсін көкем жекешелеп алған.

Мені елге келген сайын осында сүйрелейді. Бабалардың қасынан бақша егейік дейді, егін салайық дейді. Екеуміздің де қысқа жібіміз күрмеуге келмей, бұл әңгімені жылдан-жылға жалғастырып келеміз. Бар бітіргеніміз, Құйғандағы елсіз жұртқа қайта-қайта бара берген соң, жүрген ізіміз қара жолға айналып келеді. Сол жолға түсіп алсақ болды, аталарымыздың жұртын айсыз түнде де адаспай табатын болдық. Бір құдірет бізді сол жаққа қарай жетелей береді, жетелей береді.

Бұл жолмен әлі қанша жүретінімізді кім білсін?!



БІЗ АУЫЛҒА БАРҒАНДА

Сәтбаев атындағы совхозға ұша алмай үш күн жүрдім. Жезқазған қаласының аэропортына соңғы рет келгенде, кәсіподақ төрағасы Файзолла Әжібеков пен сол ауылдың сыйлы қарияларының бірі, отыз жылдай сауда қызметінде істеп, екі-үш жылдан бері пенсияға шыққан Нұрпейіс Құрманбаев жолыға кетті. Күннің шайдай ашық екенін, пәленің бәрі аспанда емес екенін, пәленің бәрі Сәтбаев атындағы совхоздың аэродром коменданты Мұхтар шалда екенін солардан біліп алдық.

– Біздің Мұхтар күннің ашық-жабығына қарамайды, – дейді Нұрекең.

– Самолетті қабылдауға ерінсе, «әлеу, Сәтбаевта көз көрінбейтін боран соғып тұр» деп хабарлайды да, шалдармен бірге үй жағалап шеке жеуге жүре береді...

Қалжыңпаз, айтқыштығымен аты шыққан Нұрекеңнің шыны ма, әзілі ме, ұға алмай қалдым... Сол екі ортада самолет бүгін де ұшпайтын болыпты деген хабар тиіп қалды. Бізден басқа жол тосқан он бес шақты адам тағы бар. Шұбырып аэропорт бастығының кеңсесіне бардық. Аэропорт бастығы Асқар Мақанов қабылдау бөлмесіндегі бізбен өз кабинетінде отырып, телефон арқылы тілдесетін болды. Бұл біздің жағдайымызды мүлдем қиындатып жіберді. Қашан да шағымды шуласып айтқан жеңіл емес пе... Телефон біреу-ақ...

Трубканы Нұрекеңе бердік:

– Асқар шырағым, біз мынау Сәтбаев совхозының адамдары едік... Иә-иә... келіннің дені сау ма?

– Сәтбаев совхозының адамдарымыз дегенді қайтсін, – деп сөзге қабаттасты Файзолла. – Арамызда Алматыдан келген журналист бар деңіз!

– Иә, ауылдан келгеніміз бар, Алматыдан келгеніміз

бар, отыз адам үш күннен бері Сәтбаевқа ұша алмай жүрміз. Күн болса мынау, ап-ашық. Баяғыда, баяғыда деймін-ау, кешегі 45-ші жылы, көз көрінбейтін тұманда да дәл осы арбакеш самолеттер фашистердің төбесінен түспеуші еді...

– Ойбай, Нұреке, соны айтыңыз. Ұлы Отан соғысына қатысқаныңызды, ордендеріңіздің бар екенін неге қоспайсыз?! КСРО сауда қызметінің үздігімін деңіз...

Менің Алматыдан келгенімнің салмағы шамалы екенін сезді ме, Файзолла Нұрекеңнің өз абыройын алға тартты. Аэропорт бастығы қатқылдау жауап берсе керек. КСРО сауда қызметінің үздігі, пенсиядағы қарт коммунист Нұрпейіс Құрманбаев та нығыздыңқырай сөйледі:

Алматыдан келген тілшімен есептеспесеңіз, ол өз шаруаңыз. Бәрінен бұрын, біз осы совхоздың төрт адамы, кәсіподақтың тегін жолдамасымен Болгарияға туристік саяхатқа жүрмекші едік. Документтерімізді әзірлеп, өткізіп болғанымыз осы. Енді үй ішімізбен ди-дарласып, айтпақшы, үйде Балсары деген жеңгең бар, ана жылы өзің көріп ең ғой, иә сол Балсары жеңгеңнің рұқсатын алып, екі күнде ауданға қайта оралуымыз керек... Путевка күйіп бара жатыр. Осыны бір ойланшы, шырақ... Біздің Болгарияға жүретінімізді обком да біліп отыр...

Нұрекеңнің қай сөзі өтімді болғанын қайдам, жарты сағаттан кейін АН-2 самолетімен ұштық та кеттік.

– Айналайын обком, құдіретің күшті-ау! – деп шүкіршілік айтты Нұрекең, самолет Сәтбаевқа қарай анық бет түзеген кезде.

Жұмысшылар комитетінің төрағасы Файзолла Әжібековпен бұрын онша таныстығым жоқ еді, сөмкесін ашып, ішінен Мұқағали Мақатаевтың бір томдығын алды да:

– Біздің ауылдың баласы болсаңыз да, кітабыңыз біздің облысқа келген жоқ, – деді. – Мына кітапқа қолтаңба беріңіз...

Ішім жылып қоя берді... Нұрекең аудандық «Октябрь туы» газетінің соңғы нөмірін қолыма ұстатты. Жергілікті журналистің «Медпункт жабық тұр» деген мақаласы бар екен. Соны оқы деді. Оқыдым. Сәтбаев совхозындағы медициналық қызметтің өте нашар екенін, учаскелік ауруханада медицина сестраларының жетіспейтінін, бөлімшелердегі медициналық пунктердің 7-8 айдан бері біржола жабық тұрғанын, ал Жезқазған медициналық училищесін бітірген 7-8 адамның ауылда бөгде жұмыспен айналысып жүргенін жазыпты. Соның бәріне бас дәрігер Сайлау Сәбитов кінәлі көрінеді. Ауруханадан өзіне жақпаған қызметкерлерді қудалап, мамандығы болмаса да, өз туыстарын жұмысқа алған. Жедел жәрдем машинасын өз шаруасына пайдаланып, істен шығарып тастапты.

– Мақаланы жазған адам – білмейтін адам. Сайлау өз шаруасын да оңдырып жүргені шамалы. Қасқыр аулаудан қолы тимейді. Соны жазу керек еді, – дейді Нұрекең. Туған ауылымның жағдайынан біраз хабардар едім, көңілім жүдеп қалды.

Екі сағаттан соң Сәтбаев совхозының орталығына келіп қондық. Жал-жал қарды күреп, қоналқа жерді ашып қойыпты. Аэродром басы қарақұрым кісі. Ауданмен де, облыспен де жол қатынасы жоқ, бір ғана АН-2нің қанатына қараған ауылдың бар жүргіншісі осында көрінеді...

Сәлден кейін біз мініп келген АН-2 қайта гүрілдеп, көкке көтерілді де, лезде көзден ғайып болды. Алыстағы ауылдың тып-тыныш аспаны тосындау көрінеді. Қыбырлаған көлік жоқ. Қозыкөш жердегі ауылға жаяулап шұбырдық. Топтың алдында – Нұрекең. Балсары жеңгемізге асығып бара жатыр-ау...

...Ауылда болған үш-төрт күн көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Былтырдан бері ат ізін салмаған ауылдың барша тіршілігі бүкіл болмысымен қайтадан алдыма тартылғандай...

...Арал Қарақұмының Байқоңыр даласымен ұштасатын талмау тұсындағы шөлейт аймақтан

Сәтбаев атындағы совхоз отау тіккелі биыл тура он жыл болды. Осы шаруашылықты тоғыз жыл бойы облыстағы айтулы директорлардың бірі Ереже Шоланов басқарған да, соңғы бір жылда Жұматай Қасымбеков тізгінді қолға алды. Бұл екеуі – коллектив басқарудың бір-бірінен мүлдем алшақ екі стилін ұстанған жандар. Ереже Шоланов көбіне өзі біліп, өзі шешетін, қатты сөйлеп, қауырт қимылдайтын, қиын деген шаруаларыңыздың өзін тізеге салып, омыраулап жүріп-ақ орындап жүретін аса қажырлы адам еді. Жұматай болса, көбіне мамандарға, қоғамдық ұйымдарға арқа сүйеп, адамдардың өздеріне ерік беріп, сенім білдіргенді тәуір көреді. Қатты сөзі жоқ, сынық мінезді, аса сыпайы, интеллигент адам. Істің бәрін ақылдасып-кеңесіп шешуге бейім. Ереженің үзілді-кесілді бұйрықтарына бой үйретіп, басшының тегеурініне сеніп қалған ауыл адамдары Жұматайдың осы мінезін әлі күнге сан-саққа жүгіртеді.

Біреулер иі жұмсақ, жібі бос деп кінәласа, екінші біреулер жаңа директордың мұнысын үлкен тәсілге жориды.

Бұрын дәл осы совхозда бас зоотехник, партия ұйымының секретары боп қызмет істеп, шаруаға көзі қаныққан Жұматайдың Ережеге ұқсағысы келмегені деп ұғады. Ауылдағы әңгіменің түтіні әр жерден көрінетіні содан:

– Басшы адамның кесіп-пішіп айтпағанының несі жақсы дейсің...

– Алды-артын болжап барып бір-ақ айтады да, сонысынан айнымай қалады. Білетін бала!

– Біздің ауылға әзір ысқырынып тұрған басшы керек. Әйтпесе, бетімен кетіп қалады...

– Не дегенмен, партия ұйымында тәрбиеленген жігіт қой, сыпайылығымен-ақ мысыңды басып жүре береді...

– Асықпа, еті үйренген соң, бұл да дікілдеп тұратын болады...

Бір қызығы, осындай алып қашпа әңгіме кеңсе маңындағы, ат үстіндегі адамдардың арасында ғана

болып қоймайды, үлкен істен шеттей бастаған шалшауқанның да аузына көп түседі. Ондай сөзді кейде Нұрпейіс, Мейрам секілді қарттар басып тастайды:

– Бір директорды басасауы бар дедіңдер, ендігісін жуас деп кінәлайсыңдар. Бұл ауыл ма, бұл ауылға жағу қиын!

Бірақ елдің аузына қақпақ қоя алмайсың. Ауылдағы үлкенді-кішілі шаруаның барлығына директорды қатыстырмай сөйлемейді. Көбіне мал жайы тілге тиек болады. Биыл қар жылдағысынан қалың түсіп, мал ертерек қолға қарады да, шөп маялары лезде ошарыла жөнелді. Елу мың бас төбінге шықпаған соң, шөп шақ келер емес.

– Жылда үй қарасын көрмейтін осы ауылдың шөпшілері биыл жаз бойы киік аулаудан артылмай қойды. Директор күнде зер салып тұрмаған соң қайтушы еді... – деседі.

Шындығында дайындалған шөптің көлемі жылдағыдан артық болмаса, кем емес. «Қоянқарта», «Киік» сияқты үлкен шабындықтарды аралағанда, мұрты бұзылмаған үлкен маяларды көзіміз көрді. Соны қол созым жердегі қыстақтарға тасып беру қиын болып тұр екен. Ең бастысы, техника, техника емес – адам күші аз. Совхоздағы он К-700 тракторының алтауы былтырдан бері тоқтап тұр. Жүргізуші жоқ. «Киіктегі» негізгі маяның басынан бөлімше меңгерушісі Жандарбек Әбіловты жолықтырдық. Қара жер қозғалса, қозғалмас дейтін сабырлы жігіт еді, сабасына сыймай күйініп тұрғанын бірінші рет көрдім. Сөйтсем, шөп тасуға шыққан екі тракторшы – Абдол Жаналин мен Карақұмбай Қайратов тал түсте «тойып» алыпты. Бір қолын екі ете алмай отырғанда, екі інісінің жерге қаратқаны күйдірмей қайтсін...

Әупірімдеп жүріп К-700-дің екі тіркемесіне шөпті сірестіре тиеп, бесін кезінде Абдолды Қоскөлге баратын күреме жолға түсіріп жіберген соң барып Жандарбектің қабағы ептеп ашылайын деді. Көз байланған кезде

екінші К-700 жолға шықты. Рульде – Қожамұрат Есенов. Мен Қожамұратпен бірге жүрдім. Бір класта оқыған сырлас досым еді. Мұның да тракторшы болғанына 15-16 жыл болып қалыпты. Қысы-жазы үй қарасын көрмейтін, жұмыс десе бәрін тастап жүре беретін, соның арқасында алғысты да, абыройды да жинаған, аса орнықты жігіт. К-700-дің ұядай жып-жылы кабинасында сырттағы уілдеген боранды ұмытып, біраз сыр шерттістік. Шаруашылыққа адам күшінің жетпей жатқаны совхоздың басшыларын ғана емес, тұрғындарын да мазалайтын көрінеді. Майдангер азаматтар мен олардың өкшелестері қазір жаппай пенсияға шығып жатыр. Ендігі жерде бар шаруаны атқаруға тиіс болса, олардың көбі мектеп бітірісімен қалалы жерге тайып тұрады. Онда да тындырып жатқаны шамалы... Әйтеуір, ауылда берекелі еңбек етіп жүрген жастарды саусақпен санауға болады. Мұқаш Сарбасов, Иманбек Көбегенов, Өмірзақ Кенжеахметов, Боранбай Тазабеков, Әбдіхамит Қызыров, Бүркітбай Жаналиев, тағы төрт бес жігіт. Бірі – механизатор, бірі – шопан, бірі – шофер. Жастарды ауылда орнықтырудың бірден-бір жолы деп жыл сайын мектеп бітірушілерден комсомол-жастардың шопандар бригадасы ұйымдастырылады. Жыл сайын тарап кетеді. Өткен жылы да Сайлаубек Құлманов бастаған 7-8 қызжігіт біріккен екен, бәрінің жабылып бағып отырғаны 700 тоқты. Мұның экономикалық тиімділігі қай деңгейде болмақ деген сауал бірден көлденеңдейді... Дегенмен, шаруашылықты рентабельді негізге көшірудің біраз талаптары жасалып жатқаны сүйінтеді. «Қоянқартадан» ашылған мал бордақылау пункті сондай игі шараның бірі ме дедік. Социалистік Еңбек Ері Әбілқас Сыздықов пен Иманбек Көбегенов басқарған шағын топ қыс ішінде бордақылық етке тапсырған тай-құнанның, кәрі жылқының әрқайсысы 323 килограмм салмақ басып, еңбектері жаныпты. Осындай өрелі істер Сәтбаев атындағы совхоздың экономикасын өрге бастырып жатқаны аян. Жыл сайын жоспардан тысқары мыңдаған

қозы, ондаған бота мен құлын табынға қосылады. Соның нәтижесі – 1983 шаруашылық жылын совхоз 900 мың сом таза пайдамен аяқтап шықты. Қожамұрат Есеновтың да, өзге өндіріс озаттарының да көңілін тасытып жүрген мұндай игілікке шынымен қуанады екенсің.

Қожамұрат екеуміз жолшыбай Қойшыбай мен Кәрібай Нұркеевтің жылқы қосына, Қуанышбай Досжановтың қой отарына соқтық. Қай ауылда болсын қоғам малы үшін табиғат кәріне қарсы тұрып жатқан еңбеккер адамдардың жүзі жарқын, ісі өнімді.

Түннің бір уағында, Шұбаркөлдің тұсынан өте бергенде, тоқтап тұрған манағы Абдолдың К-700 тракторын қуып жеттік. Күндізгі «серуеннің» желігі басыла қоймаған Абдол кінәлі ме, әлде техниканың өзінде бір кінәрат болды ма, әйтеуір трактор айдалада өшіп қалыпты. Жол бойы жағалай шашылған шөпті көріп, күндікке ыза болып келе жатқан Қожамұрат әуелі кабинасында мүлгіп отырған Абдолды біраз сілкіледі. Сақылдаған сары аязда дірілдеп жүріп, өз тракторына Абдолдың тракторын тіркеп, сүйрелеп, бір сағаттың шамасында әрең от алдырды да, тағы да жолға салып берді. Түн жарымы кезінде ел қарасына іліктік. Қыстың көктемге ұласар осы бір күндері Сәтбаев совхозы үшін барлық ауыртпалығымен, қат-қабат қиындығымен қоса келді. Қарлы боран ауданға баратын жолды да, мал қыстақтарына баратын күремелерді де сипап өтті. Қақаған аяз жылу жүйесін де істен шығарды. Аурухана, мектеп пен интернат, кеңсе ызып қоя берді. Оның үстіне, бірер отардың шөбі таусылып қалды. Жекеменшік мал ұстайтын үйлер де албарының ортайғанын айтып, кеңсе келгіштеп кетті. Осы шаруалардың бәрінің барып тірелер жері Жұматайдың алды... Жас директор байбалам-күйгелеңі жоқ, байсалды мінез танытып, орнықты істерге мұрындық бола білді. Оның осындай сабырлы қалпы мамандарға да сенімді сүйеу болды. Сапар Қайратов, Сенбі Жиенбаев, Жандарбек Әбілов, Иманбек Көбегенов секілді өңшең жөн білетін

жігіттер бар шаруаның басы-қасында жүріп, қайрат көрсетті. Олармен тізе қосып жанқиярлық танытқан қанша шопанның, механизатордың табандылығы осы күндері елдің аузына ілікті. Осының бәрі директордың да арқасын кеңейтіп, қолын ұзарта түсті.

Қыс қаһарының беті қайтты дегенде облыстағы ең үздік шопан деп саналған Мейрам Жақаев қария тағы бір шаруаны күні бұрын болжап отырғанын сездірді.

– Бұл үргін-сүргін жылда көріп жүрген жағдайымыз ғой. Әне-міне дегенше қардың да көбесі сөгіліп қалады. Осы совхозда көктемгі көші-қонға қажет бензин-солярканың қоры бар ма екен. Соны ескеріп пе Жұматай? – деді. Шынында да, бұрынғы директор жанармай билігін өз қолына ұстап, тістей қатып, жылдың қай мезгілінде болса да 20-30 тонна бензинді іркіп отыратыны бұл ауылға мәлім еді. Жұматай май тізгінін бас инженер Серікбай Бимағамбетовке берген. Ол да үлкен шаруаға енді араласқан жас жігіт. Артын ойлай алды ма екен...

Осыны директорға ескертпекке Мейрам Жақаевқа ілесіп, кеңсеге мен де бардым. Жұматайды шұғыл түрде ауданға шақыртып кетіпті. Ол екі арада почтадағылар Мекеңе әскердегі баласы Серіктен келген хатты табыс етті. Азаматтық борышын өтеп бітіп, май айында ауылға келеді деп отырған Серік бір екпінді құрылысқа көңілі кетіп жүргенін айтып, әкесінен рұқсат сұрапты.

– Атасының басы! – деді Мекең күйініп. – Екпінді жұмыс іздесе, осында келмей ме! Өз ауылын төрт аяғынан тік қоймай тұрып, екпінді құрылыс іздеген несін алған?!

– Өлгі біздің ұлға телеграмма жіберші! – деді почта бастығы Бәкірге: – Былшылдамай мерзімі біткесін тез ауылға қайтсын. Осы Қарақұмның бейнетін кешкеніміз аз ба, көп пе?! Ендігі кезек соныкі, солай деп жаз. Әй, тоқта жазбай-ақ қой. Менің айтқанымды айна-қатесіз жеткізетін орысша саған қайдан келіп қалыпты? Үйге барып, өз қолыммен хат жазайын.

Мекең почтадан маркасы жоқ конверт алып, үйге қайтқан кезде, кең даладағы оқшау селоның үстінен бір айналған АН-2 самолеті қонуға беттеп бара жатыр еді. Ауылдың біраз адамдары аэродромға қарай шұбырыпты. Болгарияға туристік саяхатқа баратын үш жерлесін ерткен Нұрпейіс Құрманбаев оларға бір бүйірден қосылып барады...

Автордан:

Кезінде «Қазақ әдебиеті» үшін жазылып, әлдебір себептермен жарияланбай қалған бұл очерк менің архивімде тоғыз жыл жатқан екен. Уақыт қандай жүйрік десеңші! Осы шағын ауылдың бейнесіндегі өзгерістерден-ақ замана желінің қалай ұйытқығанын жазбай тануға болатындай: совхоз да жоқ, обком да жоқ...

Шаруашылық ұжымы бар. Соны леп, тыныс бар. Алыстағы ауылға көтерме жол салып, күнара автобус қатынайтын болды. Теледидар барды.

Адамдарды айтсаңызшы! Күлкіден езу жидырмайтын ағамыз – Нұрпейіс Құрманбаев дүние салды. Өзгелері сау-саламат, қайта құру дейтін бір дүрбелең дәуірді де шығарып салып, енді баюдың көзін таба алмай, сабылып жүр. Ереже Шоланов болса, қазір осы ауданның әкімі. Жұматайдан хабарым жоқ. Иманбек Көбегенов құрдасым бірер жыл рабкооптың бастығы болып, түкірігі жерге түспей жүр еді, қазір қайтадан «шопыр» болып қалды. Жер қозғалса қозғалмайтын Қожамұрат бір жолы басшыларға қатты ашуланып, тракторымен кеңсені итеріп тастаймын деп, жұмыстан шығып қалып... Қазір қайтадан трактор айдап жүр. Қарақұмбай қой бағып кетті. Мейрамның әскерден келген баласы Серік те бір мәшиненің асты-үстіне түсіп жүрген көрінеді.

Осының бәрі – Өмір.



АУЫЛ МЕН АЛМАТЫНЫҢ АРАСЫНДА

Біздің ауыл – жердің түбінде. Біздің ауылдың арғы жағында жер жоқ болуы да мүмкін. Алматыдан Жезқазғанға дейін бір мың үш жүз шақырым болса, Жезқазғаннан «Қоскөлге» дейін үш жүз бірдеңе, Құлжанбай одан әрі қырық шақырым, Аралдың Қарақұмына сұғынып жатыр. Асфальт деген түсіңе де кірмейді. Ырғандап жүре бересің, жүре бересің...

Алыс деп ауылыңа бармайсың ба? Барасың. Ақшатаудан бұрылған соң, таныс ауылдар басталады. Мынау – Софы Стамайдың елі, мынау Бекболат пен Қайраттың Жаңаарқасы, анау – Сәкеннің Иманағы мен Қарашілігі, анау – Ақселеудің Байдалы биі, Игілік пен Ғалымның «Жеңісі» деп елендеп отырасың. Кешегі Ағыбай мен Кенесары жортқан құба жон, Шоқан жүрген сүрлеулер бар сырын бауырына басып, сені менсінбейтін де секілді. Менсінбесе неғыласың, осы елдің сен де бір түйір дәнiсiң, туған топырағыңа тәу етпесең тұра алмайтын осалдығың тағы бар.

Бұл жолы ата-бабам жатқан Құйған мен Қурайлыға бір соғып, бала-шағама көрсетейін деген ниетім бар еді. Жол бастаған Көбейсін ағам Бұлантыны жағалата жөнелді. Қурайлы – елсіз-күнсіз жер. Баяғы біздің мұғалім Әлирахман бір отар қоймен мекендеп отыр деп естiмiз. Атамның түйе-қорасының, кеңестің сауат ашу мектебінің орны болса керек. Ептеген жын-шайтан да бар дейді. Не көрмей жүрген басымыз, таныс шайтаннан қаймығамыз ба, тарта бердік. Әуе айналып жерге түскендей ыстық. Мәшиненің «аут-сайд» деген тілі 50

градус ыстықты көрсетіп тұр. Әйтеуір тоңазытқыш суға толы – балалар шөлдемейді. Бір ғажабы, Майтөбеден әрі асқан соң, жан-жағың жағалай өрт. Аспан мен жер тұтасып кеткен түтін, ыстың исі. Оны сөндіретін қайран, ешкім де жоқ. Ақыры адастық. Көбейсін көкем баяғы өзі жар жағалаған өзен бойын танымайды. Қайдан танысын – Кеңес өкіметі құлағаннан бері де он бес жыл болды. Әр сайдың басын мекендеп, алдыңнан шауып шыға келетін еркөңіл қойшылар жоқ. Жер тусырап кеткен. Ауылға арналған үш жылдық бағдарлама бұл жаққа шапағатын шаша қоймаған. Кешегі тоқсан мың қойымен мақтанатын Байқоңыр осы өрттің астында, корабль ұшып жатыр ма, ракета құлап жатыр ма, кім білсін?! Біздің ауылда аспаннан жауған гептиль атамыздың асы секілді. Бір жерде менің көлігімнің бауырына от тиіп кетті. Жанған машинадан балалар түсе-түсе қашты. Жабылып отты сөндіріп алып, қыр басындағы қызыл зиратқа қарап аят оқыдық. Бабалар жатқан мекен таптырмады.

– Мынау – Бектастың өткелі, – дейді Көбекең. – Егер анау «Бескесіктің» биігі болса, «Құйған» мына жағыңда болу керек...

Құйған болатын жаққа үш рет шапқылап, болмаған соң «Итауыздың» бөгетіндегі құрт құжынаған тоспа суға бір-бір сүңгіп, жолсызбен Тұрсын байдың ауылына құладық. Бүгінде бай атанып отырған осы Тұрсекең күні кеше ауылдағы аурухананың шопыры еді. Шөп шабу науқанына Қарағандыдан келген Нұрила қызды алып қашып, отау тігіп, одан он бала сүйген ер. Кеңес өкіметі тарағанда бұларға да еншіге отыз қой тиген. Несібесі шығар, екеуі тырбанып жүріп сол отыз қойды көбейтті. Мың қойы барлар екі кір сабынға бір тоқтысын айырбастап жүргенде, бұлар тілін тістеп отырды. Он бала өсті. Еңбек жанып, дәулет тасыды. Кешегі тоқсан мың қой өсірген ауылда шаруа түзеп қалған төрттің бірі – біздің Тұрсекең болды. Қуанышбайда, Қалқаманда береке калды деп естиміз. Ауылға Тұрсынның ұлы Аязби мен келіншегі ие екен. Абылай мен Атымтай деген ұлдары – көмекші. Кешкі ауыл қандай берекелі. Мың қой өрістен құлап келеді. Желі басында екі үйір